

Педагогикалық практика

**6B01402 Дене шынықтыру
мұғалімі мен бұқаралық
дене шынықтыру-
сауықтыру жұмыстары
бойынша нұсқаушы-
әдіскерді даярлау**

**6B01405 Дене шынықтыру
мұғалімі және спорт
түрлерінен
жаттықтырушы**

**6B01403 Үстел спорт
түрлері бойынша педагог
- жаттықтырушы
(шахмат)**

**6B01404 Qazaq kuresi
бойынша педагог-
жаттықтырушы**

**6B01406 Бейімдік дене
тәрбиесі педагогы**

Қысқаша сипаттама:

Педагогикалық практика білім беру ұйымы жағдайында білім алушылардың кәсіби педагогикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар дене шынықтыру, спорттық даярлық бойынша сабақтар өткізеді, оқыту әдістемесі мен білім алушылармен өзара іс-қимыл бойынша білім алады.

Практика мақсаты

- Нақты білім беру процесінде кәсіби дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру.
- Теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын дамыту.
- Оқу пәндерін оқыту әдістемелерін меңгеру.
- Дене шынықтыру мен спортты оқыту саласында теориялық білімді бекіту және практикалық дағдыларды дамыту.

Практика міндеттері

- Білім беру ұйымының қызметімен танысу.
- Құжаттаманы, оқу жоспарларын және бағдарламаларды талдау.
- Оқу сабақтарын дайындауға және өткізуге қатысу.
- Тәлімгердің бақылауымен дербес сабақтар өткізу.
- Педагогикалық күнделік және рефлексиялық талдау жүргізу.
- Оқушылардың психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын зерттеу.

Оқытудың күтілетін нәтижелері

Білім:

- Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру негіздері.
- Педагогика және психология негіздері.
- Дене шынықтыруды оқыту әдістері.

Дағдылар:

- Сабақтарды жоспарлау және өткізу.
- Заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып сабақ жүргізу.
- Білім беру процесінің тиімділігін талдау.

Қабілеттер:

- Оқушылармен, әріптестермен өзара әрекеттесу.
- Педагогикалық міндеттер мен жағдайларды шешу.
- Интроспекция және рефлексия.